

**«Алматы қаласының аумағында
сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін
базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін арттыру туралы»
Алматы қаласы мәслихаты шешімінің жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Алматы қаласының Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы «Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін арттыру туралы» Алматы қаласы мәслихаты шешімінің жобасын (бұдан әрі – Жоба) әзірледі.

Жоба Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 605 бабына сәйкес әзірленді және Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін арттыруды қарастырады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 8 қаңтардағы №215-VI Заңымен Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, атап айтқанда, бейнесуреттеу және жүгіртпе жол арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнама, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру ставкаларын есептеу үшін жеке объект ретінде бөлінген.

Қазіргі уақытта, Алматы қаласының аумағында VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIII сессиясының 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 259 шешімімен бекітілген сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері әрекет етеді, ол бейнесуреттеу және жүгіртпе жол арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы есептеудің жеке объектісі ретінде ерекшеленбейді.

Аталмыш жоба бейнесуреттеу және жүгіртпе жол арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін мөлшерлемелерді есептеуді қарастырады.

Осылайша, Жоба жергілікті өкілетті органның құқықтық актілерін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің нормаларына сәйкес келтіруге бағытталған.

Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін арттыру, Алматы қаласы Республиканың ең ірі мегаполисі, сондай-ақ елдің ғылыми, мәдени, тарихи, өндірістік және қаржылық орталығы болып табылатындығымен шарттастырылып отыр, осы айтылғандарға сәйкес Алматы қаласында ашық кеңістікте орналастырылған жарнаманы әлеуетті тұтынушылар саны өте көп болып саналады.

**Алматы қаласының Қалалық жоспарлау
және урбанистика басқармасының
басшысы**

А.Ахмеджанов